

**"Қазтелерадио" және "Қазақстан телекоммуникациялары" (КАТЕЛКО) акционерлік қоғамдары директорлар кеңестері құрамдарының кейбір мәселелері туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 443 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 1080 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 1080 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп :

1) "Қазтелерадио" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін заңнамада белгіленген тәртіппен мына кандидатуралар:

Бабақұмаров Ержан Жалбақұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, төраға;

Әбдімомынов Азамат Құрманбайұлы - "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы;

Парсегов Борис Анатольевич - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аппарат басшысы;

Қуатбаев Айдар Шәкірұлы - "Қазтелерадио" акционерлік қоғамының басқарма төрағасының міндетін атқарушы;

2) "Қазтелерадио" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамынан Ардақ Дүкенбайұлы Досжанды, Мұрат Арыстайұлы Жүсіповті, Амангелді Сағынбайұлы Тойбаевты шығаруды қамтамасыз ету;

3) "Қазақстан телекоммуникациялары" (КАТЕЛКО) акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін заңнамада белгіленген тәртіппен мына кандидатуралар :

Бабақұмаров Ержан Жалбақұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, төраға;

Әбдімомынов Азамат Құрманбайұлы - "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы;

Ким Виссарион Валерьевич - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры;

4) "Қазақстан телекоммуникациялары" (КАТЕЛКО) акционерлік қоғамы

директорлар кеңесінің құрамынан Ардақ Дүкенбайұлы Досжанды, Мұрат Арыстанбайұлы Жүсіповті, Бахтияр Мүсірәліұлы Үкібаевты шығаруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК